

Қарабұтақ ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 23 маусымдағы № 4 "Көшелерге атау беру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Қарабұтақ ауылдық округінің әкімінің 2017 жылғы 7 сәуірдегі № 15 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 12 сәуірде № 5432 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 ақпандағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңына сәйкес, Қарабұтақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қарабұтақ ауылдық округі әкімінің қазақ тіліндегі 2008 жылғы 23 маусымдағы № 4 "Көшелерге атау беру туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-2-50 болып тіркелген, 2008 жылғы 7 тамыздағы аудандық "Жаналық жаршысы" газетінде жарияланған) келесідей өзгеріс енгізілсін:

қазақ тіліндегі шешімнің кіріспесіндегі "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" сөздері "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарабұтақ ауылдық округінің әкімі

Ә.Ә.Коргулин